



ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

# Қазақстан Республикасының Президентіне 2024 жылғы жұмыс нәтижелері туралы баяндаманың таныстырылымы

# Бизнесті құқықтық қорғау

2024 жылы Кәсіпкерлердің  
құқықтарын қорғау уәкіліне  
(КҚҚУ)

**3 275** өтініш  
түсті

(2023 ж. - **3 711**)

Оның ішінде

**1 759** өтініш

**(53,7%)**

оң шешімін тапты

Кәсіпкерлерге заңсыз ұсталған қаражаттар қайтарылды, негізсіз талаптар жойылды, цифрлық қызметтерге қолжетімділік қалпына келтірілді, сондай-ақ сот дауларының алдын алу қамтамасыз етілді.

Қалпына келтірілген шығындардың жалпы сомасы – **20,4 млрд теңгеден** асты.

Өтініштердің 12% төмендеу себептері:

- кәсіпкерлердің Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (ӘРПК) аясында өз бетінше талап қоюы;
- КҚҚУ Аппараты тарапынан алдын алу шараларының белсенді жүргізілуі;
- жер және салық дауларына қатысты бірқатар жүйелі мәселелердің 2023 жылы шешілуі.

## 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылғы шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) негізгі көрсеткіштері

**ШОК субъектілері – 2,26 млн (↑3,8%).**

- ШОК-та жұмыспен қамтылғандар саны – 4,42 млн адам (↑2,2%).
- ШОК инвестиция көлемі – 13,7 трлн теңге (↑31,5%).
- ШОК өндіріс көлемі – 81,9 трлн теңге (↑19,2%).
- ШОК-тың ЖІӨ-дегі үлесі – 2024 жылы 39,7% (↑8,8%).

Бүгінгі таңда ШОБ экономикалық белсенді халықтың 60%-дан астамын жұмыспен қамтып отыр

# «Іскерлік ахуал – 2024» сауалнамасы бойынша ШОК алдындағы басты проблемалар

- 1 Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар – респонденттердің 55%-ы инвестициялық ынтымақтастыққа қатысу деңгейін төмен немесе ішінара ғана деп бағалаған.
- 2 Теміржол саласындағы мәселелер – 53,4%-ы теміржол инфрақұрылымының жағдайын қанағаттанарлықсыз немесе орташа деп сипаттаған.
- 3 Қосымша рұқсаттар – респонденттердің 43,1%-ын рұқсат алу қажеттілігі алаңдатады.
- 4 Мемлекеттік органдар тарапынан тексерулер – 42,4%-ы тексерулерді мәселе ретінде атап өткен.
- 5 Газбен жабдықтау – 26,2% газдың жоқтығын немесе қолжетімсіздігін көрсеткен.
- 6 Салықтық жүктеме – 23,4% салықтық әкімшілендіруді басты кедергі ретінде атаған.

## «Әкімшілік қысым индексі – 2024»

2023 жылмен салыстырғанда, жоспарлы тексерулердің қайта басталуына және мораторийдің күшін жоюына байланысты, әкімшілік актілер саны 75%-ға артқан.

2024 жылы кәсіпкерлерге қатысты тексерулер тағайындау туралы тіркелген актілер саны – **53 320**, оның ішінде 1 096 акт – заңсыз деп танылған (2%).

Бизнеске қатысты тексерулердің тек 12%-ы ғана профилактикалық сипатта, яғни 10 тексерудің 9-ы жазалауға бағытталған.

**Басты назар – бизнеске қатысты артық әкімшілік  
кедергілерді анықтап, оларды реттеушілік  
апелляция арқылы жою**

**Алдын алу тәсілін енгізу мақсатында  
жазалаудың орнына  
қол қойылды**

Бас  
прокуратурамен  
меморандум

Қаржылық  
мониторинг  
агенттігімен  
келісім

# Депутаттық бастамалар мен түзетулерге РӘТ (реттеушілік әсерді талдау) аясын кеңейту

**РӘТ көмегімен бизнеске жаңа талаптарды енгізуге қатысты 1 038 негізсіз бастамаға жол берілмеді (бұл қаралған жобалардың 84%-ын құрайды).**

Депутаттық бастамаларға РӘТ қолдану мәселесінде Мәжіліс Аппараты мен Ұлттық экономика министрлігі тарапынан қарсылықтар бар, дегенмен кез келген мемлекеттік саясат заң жүзінде бекітілмес бұрын оның салдарына талдау жүргізілуі тиіс.

РӘТ-ті Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігіне немесе «Атамекен» ҰКП-ға беру ұсынылады, өйткені бұл құрылымдардың тиісті ресурстары мен құзыреті бар.

Әйтпесе, Парламент депутаттары РӘТ жүргізетін Үкіметке (ҰЭМ арқылы) тәуелді болудан бас тартып отыр. Бұл олардың конституциялық құқықтарына қайшы келмейді, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік жүйесін де бұзбайды.

Сонымен қатар, салық және кеден заңнамасын да РӘТ аясында қайта енгізу қажет, себебі олар кәсіпкерлік реттеуге тікелей әсер етеді.

# Әкімшілік әділетті жетілдіру (Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс – ӘРПК)

## Уәкілетті органдарға өтініштер беру нәтижесінде ҚКҚУ мыналарды ұсынады:

- заңнамада мемлекеттік органдардың бизнеске қатысты кез келген тексерулері мен тергеулері олардың ӘРПК бойынша шағымдану мүмкіндігі мақсатында міндетті түрде әкімшілік актімен аяқталуы тиіс деп белгіленсін;
- ӘРПК артықшылық бере отырып, әкімшілік әділет шеңберінде мемлекеттік органдардың барлық әкімшілік рәсімдерін біріктіру;
- мемлекеттік органдардың салықтық және өзге де әкімшілендіруін ӘРПК қолданысы аясынан шығармау.

# Жаңа Салық кодексі (ЖСК):

**Мемлекет басшысының ЖСК қабылдау мерзімін 2025 жылдың соңына дейін кейінге шегеру туралы салмақты шешімі келесідей нәтижелерге алып келді:**

- микро, шағын және орта бизнеске (МШОБ) салықтық жүктеменің күрт және күтпеген өсімінің алдын алды, бөлшек саудамен айналысатын кәсіпкерлер үшін оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимін сақтап қалды;
- геологиялық барлау жұмыстарын ынталандыру үшін шығындарды шегеруге мүмкіндік беретін салықтық шегерімдер енгізілді, тағы басқа да орынды ымыралы шешімдерге қол жеткізілді.

Ендігі міндет — кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында салықтық әкімшілендіруді шұғыл жетілдіру.

# Медицина және сауда салаларындағы кәсіпкерлік

## Жүйелі жұмыстың нәтижесінде маңызды шешімдер қабылданды:

- зертханалық диагностика – енді ресми түрде медициналық қызмет ретінде танылды, бұл жеке зертханаларға корпоративтік табыс салығынан (КТС) босатылу құқығын береді;
- апелляциялық сот «ҚДЛ Олимп» ЖШС-нен өндірілген **7 млрд теңге** сомасындағы қосымша салықты жою туралы шешім шығарды;
- дәрі-дәрмек сатып алуды ішінара орталықсыздандыру идеясы қолдау тапты;
- аналогтары екіден көп дәрілік заттарды шекті бағалардан босату ұсынысы қолдау тапты, бұл олардың тапшылығын жоюға және 600-ге жуық препарат бағасының 20%-ға дейін төмендеуіне ықпал етті.

# Нарықтағы, соның ішінде мұнай өнімдері саласындағы әкімшілік кедергілер

Ішкі нарықты қорғауды және бизнестің экспортқа құқығын теңестіру мақсатында Энергетика министрлігіне мұнай өнімдері нарығындағы әкімшілік кедергілерді жою жөнінде ұсыныстар жолданды.

Министрлік саланы одан әрі ырықтандыру және энергетикалық және ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтірместен шекті бағаларды жою пайдасына ағымдағы саясатты қайта қарауды жоспарлап отыр.

КҚҚУ кез келген салада экспортты шектеу кезінде әрбір кәсіпкерге ішкі нарыққа жеткізілімдерге тікелей пропорционалды көлемде экспортқа құқықты бекітуді ұсынады.

# Кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық қудалау

**Бизнестің мемлекеттік органдармен жасасқан азаматтық-құқықтық шарттық қатынастары жиі жағдайда ешқандай негізсіз және дәлелсіз түрде қылмыстық-құқықтық алаңға ауыстырылады.**

2025 жылғы 30 сәуірде Сенаттың Конституциялық заңнама комитетінің дөңгелек үстел қорытындысы бойынша ұсыныстарды іске асыру қажет:

- прокурор сотқа дейінгі тергеп тексеруді тоқтату туралы қаулының күшін жоюдың нақты мерзімдерін белгілеу;
- алдын ала тергеу мерзімдерін 6 айдан кейін тек жеткілікті дәлелдермен ерекше жағдайларда ұзарту;
- алдын ала процестік тексеруді және негіздер болған кезде толыққанды тергеуді қамтитын экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің екі сатылы моделін енгізу.

# Кәсіпкерлікті қорғау жөніндегі Бизнес-омбудсменнің стратегиясы

## 8 басым бағыт:

- 1 заң шығармашылық пен құқық қолданудағы өз бетінше және негізсіз әрекеттердің алдын алу (РӘТ аясын кеңейту, ӘРПК аясында жұмыс жүргізу, лауазымды тұлғалардың зардап шеккендер алдындағы жеке материалдық жауапкершілігін енгізу),
- 2 мемлекеттік қолдау шараларын қайта қарау (импортты алмастырудан экспортқа бағдарланған модельге көшу),
- 3 шекті бағалар мен сауда еркіндігіне шектеулерден бас тарту,
- 4 мемлекеттік сатып алуда басқаруды орталықсыздандыру (ашықтық пен тиімділікті арттыру мақсатында),
- 5 корпоративтік басқарудың ашықтығы (тәуелсіз директорлар кеңесінің мүшелерін миноритарийлер ғана сайлап, босата алуы тиіс),
- 6 табиғи монополиялар тарифтерін бекіту арқылы рентабельділікті реттеуден бас тарту,
- 7 мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың ашық нарықтарда жеке бизнеспен бәсекелесуіне тыйым салу, ЕАЭО аясында тең бәсекелестік қамтамасыз ету,
- 8 қоғамдағы кәсіпкерлікке қатысты масылдық стереотиптерді жою.